

«Емдеу ісі» мамандығы бойынша ОӘБ қызметі туралы 2022 жылғы есеп

«Емдеу ісі» мамандығы бойынша ОӘБ жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіледі. ҚР барлық медициналық колледждері «Қазақстанның медициналық колледждер одағы» ЗТБ, «Емдеу ісі» ОӘБ ұйымдастырған кеңестерге, вебинарларға қатысты. Оқытушылар мен студенттер онлайн конкурстарға, конференцияларға, олимпиадаларға белсенді қатысты.

1. 2022 жылғы қаңтар – ОӘБ-нің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.
2. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша ОӘБ жұмыс топтарының құрамына енгізу үшін сарапшылардың тізімі, тестологтардың тізімі бекітілді.
3. Қаңтар – «Паллиативтік көмек және онкология» пәні бойынша «Емдеу ісі» мамандығы үшін үздік оқу құралына конкурс критерийлері бекітілді
4. Ақпан айында Өскемен жоғары медициналық колледжі ұйымдастырған «Терапиядағы өзекті зерттеулер» тақырыбында республикалық ғылыми – зерттеу конференциясы өткізілді.
5. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламалары әзірленді.
6. Ақпан – Өскемен жоғары медициналық колледжі ұйымдастырған «Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, арнайы пәндер бойынша практикалық Сабақтың үздік әдістемелік әзірлемесі» медициналық колледж оқытушылары арасындағы конкурстың қорытындысы шығарылды.
7. Наурыз – Батыс Қазақстан жоғарғы медицина колледжінің Ресей Федерациясының өкілдерімен бірге ұйымдастырған «Емдеу ісі», «Мейірбике ісі» мамандықтары бойынша «Шұғыл көмек» Республикалық студенттік бейнероликтер байқауының ережесі таныстырылды.
8. Наурыз – «Томирис» Медициналық Колледжі ЖШС ұйымдастырған «Орта медициналық білімі бар мамандарды практикалық даярлау сапасы, оны жақсарту жолдары» әлеуметтік серіктестерінің қатысуымен республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.
9. Сәуір – Абай облысының ДСБ «Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғарғы медицина колледжі» ШЖҚ КМК ұйымдастырған «II Медицина және білім беру: жаңа тәсілдер және өзекті зерттеулер», халықаралық қатысуымен болған ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді.
10. Сәуір – Абай облысының ДСБ «Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғарғы медицина колледжі» ШЖҚ КМК ұйымдастыруымен «Физиология» пәндері бойынша студенттік ғылыми үйірме жұмысының қорытындысы шығарылды.
11. Сәуір – Павлодар медициналық жоғары колледжі ұйымдастырған «Халықтың өмірі мен денсаулығының сапасы» ғылыми-практикалық қашықтық конференциясы өткізілді.
12. Мамыр – «Қостанай жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК ұйымдастырған ҚР медициналық колледждерінің 3 курс студенттері арасында «Терапиядағы, хирургиядағы, педиатриядағы шұғыл жағдайлар» Республикалық онлайн олимпиадасының қорытындысы шығарылды.
13. Қазан – «Акушерлік іс» ОӘБ-мен интеграцияланған «Әлеуметтік әріптестік жүйесін жетілдіру» мемлекетаралық қатысуымен онлайн-практикум өткізілді. Ұйымдастырушылар Солтүстік Қазақстан жоғары медициналық колледжі және Абай облысының ДСБ «Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғарғы медицина колледжі» ШЖҚ КМК.
14. Қазан – «Балаларды вакцинациялау» постерлер конкурсының қорытындысын шығару, ұйымдастырушы Солтүстік Қазақстан жоғары медициналық колледжі.
15. Қазан – «Паллиативтік және психо-неврологиялық көмек көрсету» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын қарау және бекіту дөңгелек үстел отырысы өткізілді – «Республикалық жоғары медициналық колледж» ЖШС.

16. Қазан – «Хирургия» пәні бойынша үздік оқу-әдістемелік кешенге арналған Республикалық онлайн конкурстың қорытындысын шығарылды, ұйымдастырушы «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы» Ақтөбе жоғары медициналық колледжі.
17. Қазан – Абай облысының ДСБ «Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғарғы медицина колледжі» ШЖҚ КМК ұйымдастырған «Білім беру үдерісіне оқытудың инновациялық әдістерін енгізу» вебинары өткізілді.
18. Желтоқсан - Абай облысының ДСБ «Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғарғы медицина колледжі» ШЖҚ КМК ұйымдастыруымен «Паллиативтік көмек және онкология» пәні бойынша үздік оқу құралына Республикалық конкурсының қорытындысын жариялады.
19. 2023 жылға арналған жұмыс жоспары жасалды және талқыланды.

ОӘБ төрағасы



С. З.Танатаров